

## БӨЛІМ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

**Қазақтың тұңғыш журналына - 110 жыл**ЖАРИЯЛАНДЫ  
22.11.2021СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/110908/>**Қазақтың тұңғыш журналына - 110 жыл**

Баспасөз – халық арасында әр түрлі ақпараттар тарата отырып, қоғамдық пікір қалыптастыруға, саяси жұмыстар жүргізуге, мемлекеттің, әлеуметтік топтардың не жекелеген тұлғалардың мүдделі мұраттарын танытуға қызмет етеді. Осы тұрғыдан қарағанда өткен ғасыр басында тұтанған оттай жарыққа шыққан «Айқап» журналының қазақ баспасөзі арасында алатын орны ерекше. «Айқап» – Қазақ халқының тарихында елеулі орны бар қазіргі қазақ медиа тарихының алғашқы баспалдағы атанған журнал. Сонау Патшалық Ресейдің құрамында болған кездегі қараңғылықта жатқан қазақ жұртына деген оятушылықтың алғашқы кезеңі деп білеміз. Сонау ғасырдан ғасырға созылған алпауыт мемлекеттердің даму жолына қарайтын болсақ осы баспасөз қызметі елеулі рөл атқарған. Сол өркениеттің дамуына, мәдениеті мен білімінің жаңа сатысына көтерілуге осы баспасөз қызметі сеп болған десек артық айтпағанымыз болар еді. Кез келген мемлекеттің баспасөз қызметі қандай деңгейде екенің білер болсақ, ол мемлекеттің ертеңі жарқын болашақта екеніне назар саламыз. Мінекей сол жолда талай сүрініп, аяғы ақсаған қазақ халқының да бүгінгі осы күнге жетуінде және оның

тарихында көзге оттай басылатын, қоғамдық-саяси тұрғыда үлкен маңызға ие-болып тұратын ол – «Айқап» журналы!

Осы жыл бұл қазақ халқының тарихында айрықша орын алар жыл десек қателеспек болармыз. Елбасы Н.Назарбаев «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты халыққа арнаған Жолдауында осы мәдениет саласындағы мерекелер мемлекеттің тәуелсіздіктің мерейтойлы жылдарында өтуі керек деген болатын. Қазақ халқының маңдайына біткен ұлы, ел тәуелсіздігін аңсап өткен Мұхамеджан Серәлиннің бас редакторлығымен патшалық ресейдің Троицк қаласында «Айқап» журналының шыққанына осы жылы 110 жыл толғаны баршаға аян екені анық. Троицк қаласында 1911-1915 жылдары шығып, сол кезеңдердегі елдің саяси-әлеуметтік ахуалын көпке көрсетіп, елдің мәдениетің дамыту мен даралау жолында атқарған істері мен қазақ халқының көкейінде жүрген сұрақтарды жарыққа шығарғанына куә боламыз. Осындай құнды тарихымызды зерттеу шыны керек тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда жүзеге асты. Осы кезекте тәуелсіздіктің 30 жылдығымен тұспа тұс келген «Айқап» журналының 110 жылдығы – ұлт мәдениеті мен тарихындағы биік белес десек артық айтпаған болар едік.

«Айқап» – қазақ халқының тарихында ойып орын алатын тұлғалардың еңбектерін жазып көпке баян еткен журнал. Солардың тізімін түгендей келе кішігірім шолып өтсек: Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Тілеулин, Ж.Сейдалин, Ш.Құдайбердіұлы, А.Жанталин, М.Жұмабаевтар сынды көзі ашық, сыни пікір ойлай алатын, қазақ халқына бағытталған өлең-жырлары жарық көріп, көпке ұсынылуына үлес қосқанда осы журнал.

Үнемі бақылауда болып, кейбір көтерілген мәселелер жарыққа

шығармаған Патша өкіметі журналды жабуға арнайы себеп іздегені жасырын да жалған да емес еді. Патшалық өкіметтің билігін сынады деген жалған айып тағылып, журналды жауып тастап, бас редакторы М.Серәлиндей нар тұлғаны Сібірге айдауға да шешім шыққаны тарих сахнасында қызыл әріппен жазылары сөзсіз. Аз ғана уақытта ұлттың мүддесін қорғай білген, қазақ халқының болашаққа деген айтулы арманы мен өткенге кеткен өкінішін, асқақ рухты халықтың биік болмысын әлемге таныта алған ғасыр бастамасы деп білеміз.

Қорыта айтсақ, өз заманында ұлттың рухын көтерген, халықтың көкейіне оймақтай ой сала білген туындының әрбір мұрасын, алтынға бергісіз құнды құжаттарын сақтау мына бізге парыз. Сол тарихи мұраларды сақтай отырып бүгінгі күнмен ұштастырып, қоғамның белгілі бір деңгейіне көтеру де мына біз өскелең ұрпақ қолында. «Айқап» журналының 110 жылдығының Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығымен тұспа-тұс келуі бұл да бір тарихи есте қарарлық оқиға. Ал, «Айқап» журналы біз үшін ғасыр мұрасы дегіміз келеді.

Болат САЙЛАН, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның профессоры, т.ғ.д.

Мұхамеджан БЕРДІХАН, 1 курс студенті

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.